

Б. Зәбір, 3-курс

Ғылыми жетекшісі: М. Ж. Ыбышев, қылмыстық процесс кафедрасының оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУДЕГІ ТЕРГЕУШІНІҢ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ РӨЛІ

Алдын ала тергеу жүргізу барысында тергеуші өз құзыреті шегінде тәуелсіз шешім қабылдайтын тұлға. Осыған орай Қазақстан Республикасы құқықтық реформасының мемлекеттік бағдарламасына сай заңшығарушы тергеушінің құқықтық мәртебесін анықтай отырып екі бағытты анықтады:

-тергеушінің құзыретінің көлемін көбейту және оның процессуалдық тәуелсіздігін жоғарлату, жаңа тергеулік әрекеттер енгізіп, жедел-іздістіру қызметінің материалдарын іске қатысты қолдану. (ҚР ҚІЖК 236, 233, 64-б. 7-б және 130-б, 5-б);

-алдын-ала тергеу жүргізуге міндетті істердің санын көбейтті ҚР ҚІЖК 192-б. ҚР ҚІЖК 64-б 5-бөлігіне сәйкес — тергеуші заңда прокурордың, соттың санкциясын немесе соттың шешімін алу көзделген жағдайларды қоспағанда. Тергеудің бағыты мен тергеу іс әрекеттерін жүргізу туралы барлық шешімді дербес қабылдайды олардың заңды және уақытылы атқарылуы үшін толық жауапты болады. Сонымен қатар тергеуші нақты алдын ала тергеу органының лауазымды тұлғасы болып табылады. Бұл қылмыстық істе оның жеке өзі шешім қабылдау мәселесінің маңыздылығын көрсетеді. Яғни қылмыстық процесте тергеуші «тәуелсіз» болуы үшін өзіне қатысты қадағалаушы прокурордың және бақылаушы тергеу бөлімі бастығы тарапынан қысым көрсетушілік болмауы керек. А. П. Гуляевтің айтуы бойынша «объективті түрде тергеушінің процессуалдық тәуелсіздігі жоқ. Қылмыстық сот өндірісінде көптеген ғалымдардың зерттеу пәні болып тергеушінің мәртебесі табылған. Осы мәселеге байланысты көптеген ғылыми жұмыстар жазылғанымен бұл мәселе күні бүгінге дейін декларативтік сипатта қалуда. Қылмыстық іс жүргізу теориясында тергеушінің мәртебесін анықтауға бірнеше жолдар бар. Ғалымдардың кейбіреулері тергеушінің тәуелсіздігі жоқ, тек оның шешім қабылдауы прокурорлық, ведомстволық бақылаумен және өзінің жауапкершілігімен өзі шешім қабылдайды, деген пікірді жақтайды (А. П. Гуляев). Ал кейбіреулері оның тәуелсіздігі мен жеке өзі шешім қабылдайтындығын жақтайды (Р. Д. Рахунов, Ю. В. Манаев). Келесілері қылмыстық процесте тәуелсіздікті негізгі принцип ретінде емес, тек соттардың тәуелсіздігін жүзеге асыруға жағдай жасайтын және олардың тек заңға бағыныштығын көрсетеді (С. В. Бородин, И. Д. Перлов). Тағы бір көзқарас қылмыстық процесте тергеуші дербес, тәуелсіз өз алдына шешім қабылдайтын тұлға екенін жақтайды (М. М. Выдря.) Яғни бұл екі сөздің «дербестік» пен «тәуелсіз» деген сөздердің айырмашылығы бар екенін көрсетеді. Тергеушінің дербестігі ішкі істер органдарындағы тергеулік аппараттың негізін қалаушы элемент болып табылады. Яғни тергеушінің тәуелсіздігі болуы қылмыстық өндірісте қылмыстық істі ашуда шешім қабылдауына әсер етеді. Заң ғылымында процессуалдық дербестік ұғымына қоғам және мемлекет танытын қандай да бір субъектінің ешкіммен байланыссыз шешім қабылдауы танылады. Тергеушіге қатысты бұл заңмен белгіленген ретте сырттан ешкімнің ықпалынсыз

құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруы танылады. Тергеуші дербес, өз алдына тәуелсіз шешім қабылдауы үшін ол тек заңға бағынуы керек, ал тергеу органының бастығы, полиция бөлімінің бастығы болып табылатын анықтау органы бастығы немесе қадағалаушы прокуратура органдары ықпал жасамауы керек.

Тек процессуалдық дербестігі бар тергеуші ғана тергеуді ұйымдастыруға басшылық жасай алады. Бұл өндірісте тергеудің сапасын, алдын ала тергеудің уақытын тергеушінің жауапкершілігіне жүктеп, сонымен қатар тергеушінің процессуалдық шешім қабылдауында тәуелсіздігіне кепілдік береді.

Дамыған мемлекеттердің сот өндірісін қарастыратын болсақ онда қылмыстық істер бойынша анықтама жүргізіледі, тек қиын және маңызды істер бойынша ғана алдын ала тергеу жүргізілетінін көруге болады және оны нағыз тәуелсіз орган жүргізеді. Германияда бұл судья — анықтаушы, Францияда — тергеулік судья, Англияда — соттық алдын ала тергеу органы, АҚШ — үлкен жюри. Оларды біріктіретін соттық органға жататындығы және олар судьяларға берілген өкілеттікке ие болады. Тергеуші толық тәуелсіз болғанда ғана қылмыстық істі объективті ашуына кепіл болады.

Бұл мәселені шешудің жолы ретінде заң шеңберінде «Тергеушінің мәртебесі туралы» заң қабылдануы керек. И. Д. Перлов айтқандай «тергеушінің тәуелсіздігі дәл судьянікіндей қорғалуы керек». Бұндай заң тергеу аппаратын құқық қорғау жүйесінде орны мен рөлін нақты анықтар еді және тергеу аппаратын бөлек тәуелсіз орган етуге ықпал ететін еді. Мысалы: ҚР Президентінің 06.10.1997 ж. нұсқауымен құрылып, 09.12.1998 ж. нұсқауымен таратылған мемлекеттік тергеу комитетін қайта құруға ықпал етер еді.